

Ертіс аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 сәуірдегі "Атаулы және мереке күндеріне жеке алынған санаттағы алушылар үшін әлеуметтік көмек мөлшерлерін белгілеу туралы" № 134-30-5 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 ақпандағы № 164-38-6 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 1 наурызда № 6263 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 264-60-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 14.12.2020 № 264-60-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларының 10-тармағына сәйкес, Ертіс аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ертіс аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 сәуірдегі № 134-30-5 "Атаулы және мереке күндеріне жеке алынған санаттағы алушылар үшін әлеуметтік көмек мөлшерлерін белгілеу туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3786 болып тіркелген, 2014 жылғы 12 мамырда "Әділет" ақпараттық - құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1-тармағының 1) тармақшасында "5 000 (бес мың) теңге сомасына" деген сөздер мен сандар "5 АЕК мөлшерінде" деген сөздер мен санға ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ертіс аудандық мәслихатының бюджет, әлеуметтік саясат және заңдылық жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы
"КЕЛІСІЛГЕН"*

*М. Аушенов
Б. Шингисов*

Павлодар облысының әкімі
2019 жылғы "9" ақпан

Б. Бақауов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК